

Түркістан облыстық мәдениет және туризм басқармасының «Конгресс Холл көпсалалы кешені» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны
«Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаудың алдын алу қорытындыларын талқылау бойынша өткізілген ашық кеңестің

ХАТТАМАСЫ № 3

27.07.2023 ж.
Жиналыс залы

Түркістан қаласы
сағат- 15:00

Жиналыс төрағасы: А.Турекулов-директор орынбасары.
Хатшы: У.Батырбекова.

Күн тәртібінде: Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаудың алдын алу бойынша талқылау.

Жиналыс төрағасы: А.Турекулов жиналысты ашық деп жариялап, Түркістан облысы мәдениет және туризм басқармасының «Конгресс Холл көпсалалы кешені» МКҚК-ның 2023 жылғы 9-маусымдағы № 37-Н бұйрығына сәйкес, жұмысшы топ мәдени бос уақытты өткізу жөніндегі қызметті ұйымдастыру бөлімше меңгерушісі М.Манатова, бас бухгалтердің орынбасары А.Нургиса, бас инженер Н.Алпысбаев, ЕҚЖЕКЖ инженер Г.Асан және қоғам белсендісі Эгамбердиева Жазира Балтабаевна қатысуымен мекемедегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу бойынша қызметкерлерге сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ екендігін және оның алдын алу шаралары бойынша талқылау жүргізуді комплеанс офицері У.Батырбековаға сөз берді. «Конгресс Холл көпсалалы кешені» МКҚК-да сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау мақсатында жұмысшы тобы құрылғандығын іс-шара жоспары бекітіліп, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бағыты бекітілген үлгілік қағидаға сәйкес қамтылғанын, ішкі талдау жүргізу кезеңі 2023 жылдың маусым айының 23 мен тамыз айының 7 күндері аралығы екенін хабарлады. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаудың бағыты:

1. Мекеменің қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін өкілеттілік пен нормаларды анықтау;
2. Персоналды басқару, соның ішінде кадрлардың ауысуы;
3. Мүдделер қақтығысын реттеу;
4. Бақылау функцияларын іске асыру.

Қамтылған бағыттар бойынша анықталған кемшіліктер мен ұсыныстар мен таныстырылды. Түсіндірме жұмыстарының негізгі мақсаты мекемедегі сыбайлас жемқорлықтың салдарымен күрес қана емес оның алғы шарттарын жою үшін назар аудару, мемлекет пен қоғамның тыныс-тіршілігінің негізгі салаларын қамтуға сыбайлас жемқорлықты барынша азайтуға бағытталған іс-

шара болып табылады. Жиналыс барысында сыбайлас жемқорлыққа қарсы ішкі талдау мекеменің ішкі жұмыстарының сыбайлас жемқорлыққа назар аударылғандығы, әлеуметтік зерттеу нәтижелері бойынша парақорлықтың үлкен үлесі тұрмыстық сыбайлас жемқорлықпен байланысты екенін де атап өтіп, халық арасында пара беру жолының азаймағандығы туралы кеңінен сөз қозғап, ерекше тоқталды. Қызметкерлерге бопсалау немесе қандай да бір заңсыз төлемдерді ұсыну қажет болған жағдайда, еліміздің әрбір азаматы сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке колл-орталықтың 1424 телефон нөмірі бойынша жүгініп, өзінің азаматтық борышын орындай алатындықтарын ескертті. Елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы пәрменді тетіктерді қалыптастыру бойынша жүйелі шаралар қабылданып жатқандығын жеткізді. Қоғам белсендісі «Отбасы бақыт мекені» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Эгамбердиева Жазира Балтабаевна мекеменің талдамалық жұмысының анықтамасымен танысып шыққанын жемқорлыққа жол бермеу үшін мекеме жұмысы ашық әрі жария жұмыс жасап жатқанына көзін жеткізді, мекеменің жұмысшы тобының атқарып жатқан ішкі талдау жұмыстарына оң баға берді.

Жиын соңында жоғарыда айтылған осы дертті жою мақсатында жұмыстар атқарылуы керек, Түркістан облыстық мәдениет және туризм басқармасына қарасты «Конгресс Холл көпсалалы кешені» МКҚК-ның қызметкерлері заң бұзушылықтардың алдын алу, еңбек заңының бұзылуы және сыбайластық әрекетке жол бермеуі тиіс екенін нақты жеткізілді.

Қаулы:

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізіліп жатқан ішкі талдау жұмыстары жүйелі әрі үздіксіз жылына бір рет жүргізілсін, мекеме қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының заңнамаларымен таныстыру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілсін жауапты маман кадр бөлімінің инспекторы У.Батырбековаға жүктелсін.

Осы ашық жиналыстың барысы туралы мәлімет «Конгресс Холл көпсалалы кешені» МКҚК-ның сайтына және әлеуметтік желідегі парақшаларына жариялансын.

Жиналыс төрағасы:



А.Турекулов

Хатшы:



У.Батырбекова